

**"Қызылорда ауданаралық жылу орталығы" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 834 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісі болып табылатын "Қызылорда ауданаралық жылу орталығы" ашық акционерлік қоғамының банкрот деп танылуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда ауданаралық жылу орталығы" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурстық массасын сатудың мыналарды:

1) Қоғамның өндірістің біртұтас технологиялық циклын қамтамасыз ететін мүлкін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - Лот) сатуды;

2) Лотты сатудың ең төменгі бағасын әкімшілік шығыстардың әрі бірінші және екінші кезектегі кредиторлардың талаптары сомасынан төмен емес етіп белгілеуді;

3) технологиялық циклдың үздіксіздігін сақтай отырып, банкроттық рәсімін өткізуді ;

4) Қызылорда облысының әкімдігімен келісілген сатып алынатын мүлікті пайдалану бойынша өндірістік бағдарламасы бар тұлғалардың аукционға қатысуын көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Конкурстық масса объектілерін сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін :

1) қызмет бейінін, тұтынушылармен жасалған шарттарды және көрсетілетін қызметтер көлемін сақтау бойынша міндеттемелерді қабылдау;

2) жылу энергиясын өндіру, беру мен тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы ;

3) технологиялық процеске қамтылған Қоғамның қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасуды қамтамасыз ету.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С. Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК